ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАНДА «ӘКІМДЕР МЕКТЕБІ» ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

МАЛ БАСЫН ӨЗ ТӨЛІ ЕСЕБІНЕН КӨБЕЙТУДЕ

3-бетте

АҚПАРАТ

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ БӘСІ БИІК

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Республикалық үнқағаз * Республиканская газета

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №20 (1879) 20 ақпан 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ОТАНДЫҚ БАЛУАНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық күрес федерациясының президенті Ненад Лаловичті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев күрестің халықаралық спорт аренасындағы еліміздің беделін нығайтуда айтарлықтай рөлге ие екенін айтты. Сонымен қатар, әлемдік турнирлерде табысты өнер көрсетіп жүрген отандық балуандардың жетістіктерін жоғары бағалады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Халықаралық күрес федерациясымен стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға ниетті екенін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, инфрақұрылымды жетілдіру, даярлықтың озық әдістерін енгізу және елімізде халықаралық турнирлерді өткізу осы спорт түрінің танымалдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін еселеуге ықпал етеді.

Ненад Лалович қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, ықпалдастықты жалғастыруға дайын екенін жеткізді. Ол Қазақстанды федерацияның маңызды серіктесі деп атап өтіп, біздің ұлттық күрес мектебінің зор табыстарына тоқталды. Ненад Лаловичтің айтуынша, қазақстандықтардың дені сау ұлт қалыптастыруға ұмтылысы спорт пен басқа да салаларда жоғары нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Кездесуде Қазақстанның әлемдік спорт қоғамдастығындағы беделін нығайту және басымдыққа ие спорт түрі ретінде күресті одан әрі ілгерілету перспективасы талқыланды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қазақстандағы күресті дамытуға қосқан үлесі үшін Халықаралық күрес федерациясының президентін II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

AKORDA.KZ.

ІССАПАР

АДАМ КАПИТАЛЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Дулатбек Әбішпен бірге Жаңақорған ауданындағы «Оқушылар үйінің», «Өнер мектебінің», «Саяжай» шағынауданындағы «Жайлы мектептің» жұмыс барысымен танысты.

Жаңа ғимаратта оқушыларға арналған өнер студиясы, тігін шеберханасы, музыка, хореография және ритмика, акробатика залдары орналасқан. Мұнда өскелең ұрпақ шығармашылығын, денсаулығын шыңдайды және қолөнермен айналыса алады.

Үш қабатты «Жайлы мектепте» білім алушыларға қолайлы жағдай жасалған. Кең әрі жарық сыныптар, жоғары сапалы оқу құралдарымен, ақпараттық технологиялармен жабдықталған кабинеттер бар. Кітапхана, зертханалар және шығармашылық үйірмелерге арналған бөлмелер де қарастырылған. Ғимараттың әр қабатындағы инженерлік, жылу, жарық, су және желдету жүйелері заманауи талапқа сай орнатылған. Спорт залы мен демалыс орындары денешынықтырумен айналысуға, түрлі спорттық жарыстар өткізуге лайықталған.

Жыл ішінде Шиелі ауданында да 200 орынды «Оқушылар үйі» мен 50 орынды «Өнер мектебі» жұмысын бастайды. Облыс орталығындағы «Шығармашылық академиясы», музыкалық колледждің жаңа ғимараты мамыр айында, дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысы наурыз айында аяқталмақ. Биыл «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Арал ауданының «Жалаңаш» ауылынан 150 орынды мектеп салынады. Былтыр 3100 миллион теңгеге 8 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Мемлекет басшысының 1300 мектепті жаңғырту тапсырмасына сәйкес, алдағы үш жыл ішінде облыстағы 51 мектеп, оның 9-ы биыл күрделі жөндеуден өтеді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛУДА

ҚОСТАНАЙДА АВТОКОМПОНЕНТТЕР ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ САЛЫНЫП ЖАТЫР

Қостанай облысы Мемлекет басшысының стратегиялық тапсырмасын жүзеге асырып, машина жасау, қара металлургия және ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу сияқты үш негізгі экономикалық бағыт бойынша дамып келеді. Өңірдің басым бағыттарының бірі – автомобиль жасау мен автокомпоненттер өндірісін қамтитын машина жасау саласын дамыту.

Бүгінде Қостанай облысында төрт ірі машина жасау кәсіпорны жұмыс істейді, олар жеңіл, жүк және ауылшаруашылығы техникасын шығарады. Төртінші зауыт 2024 жылы жазда іске қосылды. Өңірдің өнеркәсіптік дамуы аясында 2025 жылдың соңына дейін тағы екі жаңа зауыт ашу жоспарланған. Олар – өндірістік қуаты жылына 70000 автокөлікті құрайтын «KIA» автомобиль зауыты және жүк көліктерінің басты беріліс қораптарын шығаратын зауыт.

Бұған қоса, 2026 жылдың басында автокомпоненттер шығаратын тағы бір зауыт ашылады. Бұл кәсіпорын өңірдің автокөлік өндірісі кешеніндегі жетінші зауыт болмақ және қазақстандық автомобиль зауыттарын қажетті бөлшектермен қамтамасыз етеді. Жобаның инвестиция көлемі – 17,8 миллиард теңге, жаңа жұмыс орындарының саны – 800, өндірістік қуаты – жылына 60000 компонент.

Жаңа кәсіпорында бұған дейін шетелден жеткізіліп келген орындықтар, дыбыс өшіргіштер (глушитель), бамперлер, айналар, пластик кузов элементтері, электр сымдары, интерьер және экстерьер бөлшектері, автокөлік бояулары мен герметиктері шығарылады.

Бүгінгі таңда өңірдің машина жасау саласында 5 мыңнан астам адам жұмыс істейді, жаңа зауыттар іске қосылғанда бұл көрсеткіш 7500-ден аспақ. Автомобиль жасау, металлургия және автоматтандыру салаларында мамандарды даярлау жүріп жатыр.

Автокомпоненттер зауытын іске қосу Қазақстанда автомобиль өндірісінің толық циклін құру жолындағы маңызды қадам болмақ.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАБЫЛДАУ

ӘРБІР САУАЛ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Тараз қаласы әкімінің орынбасары Ұлана Сламбекқызы қала аумағына қосылған Жалпақтөбе және Сұлутөр елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті. Сонымен қатар, бөлім басшылары да ауыл халқының сауалдарын тыңдады.



Жиынға келген ауыл тұрғындары көше жарықшамы мен жаяу жүргіншілер жолы, ауызсу, балалар ойын алаңшасы, бағдаршам мен жол белгілері, жер кезегі және денсаулық сақтау саласы, қоғамдық көлік қатынасы, тағы да басқа мәселелер бойынша сауалдар қойды.

Ұлана Сламбекқызы жиынға келген ауыл тұрғындарының әрбір сауалы назардан тыс қалмайтынын айтты. Азаматтардың көтерген мәселелерін қарастыруды жауапты мамандарға тапсырып, заң аясында шешімін табатындығын жеткізді.

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАНДА «ӘКІМДЕР МЕКТЕБІ» ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Amanat» партиясының оң тәжірибесін ескере отырып, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, сайланған әкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді даярлау бағдарламасын іске қосуды тапсырған болатын. Осыған орай аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдері үшін біліктілікті арттыру бағдарламасы іске қосылды. Ведомство басшысы Дархан Жазықбайдың төрағалығымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің қабырғасында өткен рәсімге вице-премьер Қанат Бозымбаев қатысты.

«Әкімдер мектебі» Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында, оның облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы филиалдары арқылы іске асырылады. Оқыту жобасы экономика, мемлекеттік басқару, бюджеттік жоспарлау, коммуналдық меншікті басқару, цифрландыру, тәуекел-менеджмент, кәсіпкерлікті дамыту және инвестициялар тарту саласында 17 модуль мен 240 академиялық сағатты қамтиды.

«2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін сайлау азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, әкімдердің жауапкершілігін арттырды. Содан бері 2,5 мыңнан астам ауыл әкімі сайланды. Олардың 60 пайызы бұрын әкім болмаған және мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген. Кейбіреулері кәсіп иелері немесе партия қызметкерлері. Осылайша, әкімдер корпусы айтарлықтай жаңартылды. 2023 жылы аудандар мен облыстық маңызы бар қала әкімдерінің пилоттық сайлауы өтті. Барлық өңірлерде 45 әкім сайланды. Биылдан бастап барлық ауданның әкімі тікелей сайлау арқылы ғана қызметке кіріседі. Осыған байланысты, бүгінгі «Әкімдер мектебін» іске қосу уақытылы әрі орынды шешім деп санаймын. Біліктілікті арттыру бағдарламасы ауылдық аймақтардың дамуына жаңа серпін беріп, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді», – деді Қанат Бозымбаев құттықтау сөзінде.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АЙМАҚ

ҚАЗЫҒҰРТТА ҚАРҚЫНДЫ ІСТЕР БАР

Қазығұрт ауданында жылыжай шаруашылығына бет бұрған кәсіпкерлер қатары көбейіп келеді. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров Қазығұрт ауданына барған жұмыс сапарында аймақтағы жылыжайлардың жұмыстарымен жақыннан танысып, жоғары баға берді.

Тұрбат ауылындағы «Сайдусман ата» шаруа қожалығы жылына 600 тонна көкөніс өндіріп, 5 миллион түп көшет өсіреді. Оның 360 тоннасы қызанақ болса, 240 тоннасы қияр. Жалпы, 4 гектарды құрайтын жылыжайдың 1 гектарында көшет өсірілсе, қалған 3 гектары көкөніс өсіруге ыңғайластырылған. Мұнда 32 адам тұрақты жұмыс істейді.

Одан кейін өңір басшысы Тұрбат агросекторындағы «Пасека бал» шаруа қожалығында болды. Кәсіпкерлермен кездесіп, омарта шаруашылығын дамыту бағытында пікір алмасты. Жылына 150 тонна бал өндірілетін омартада жиырма адам тұрақты жұмыс істейді. Мұнда омарта шаруашылығынан бөлек жылыжай жұмысы да жолға қойылған. Он сегіз гектарды құрайтын қожалықта көкөністер мен раушан гүлі өсіріледі.

Облыс әкімінің жұмыс сапары Жаңабазар ауылдық округінде жалғасты. Күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан орталық ауруханаға барып, жауапты мамандарға құрылысты сапалы жүргізуді ескертті. Көпфункционалды аурухана 2,2 гектар жерге орналасқан. Мұнда жалпы саны 10 мың адамға медициналық қызмет көрсетіледі.

Облыс басшысы ауданға жасаған сапарында тұрғын үй кезегінде тұрған 40 отбасыға жаңа пәтер кілттерін тапсырды. Бұл үйлердің құрылысы былтыр наурыз айында басталған болатын. Құрылысты «Урба Стандарт» ЖШС жүргізген. 1 тұрғын үйде 8 пәтерден бар. Оның ішінде 1 бөлмелі 2 пәтер (36,4 м²), 2 бөлмелі 4 пәтер (59,4 және 52,2 м²) және 3 бөлмелі 2 пәтерден (74,8 м²) бар.

Түркістан облысы құрылғалы бері он төрт мыңнан астам отбасы тұрғын үймен қамтылды. Оның ішінде, коммуналдық тұрғын үймен 7567 отбасы, ал, «7-20-25» және «Отбасы банк» бағдарламалары арқылы 6594 отбасы ипотекалық тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Осы жерде динамикаға қарайтын болсақ, жылына шамамен коммуналдық тұрғын үй қорынан және түрлі ипотекалық бағдарламалар арқылы 2200-ге жуық пәтер табысталуда. Өткен жылдың өзінде ел 1174 коммуналдық үймен және 977 ипотекалық үймен қамтамасыз етілді.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАРЖЫ

ТЕҢГЕ – ТИІМДІРЕК, ДОЛЛАР – СЕНІМДІРЕК

Былтырғы қарашада депозиттердің долларлану динамикасынан 2022 жылғы маусымнан бері болмаған рекорд өсім байқалған еді. Бұл жыл аяғына қарай теңге бағамының күрт құбылуына байланысты болды. Алайда, осыған қарамастан теңгедегі салымның көбеюі жалпы депозит портфелінің ұлғаюына әсер еткен фактор болып отыр. Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша, еліміздегі банктердің депозитінде сақталған қаражат 42,5 триллон теңгеге жетіп, 6,8 пайыз өсім көрсеткен.

ДОЛЛАРДАҒЫ ДЕПОЗИТТЕР АЗАЙҒАН

2024 жылғы қарашада қазақстандықтардың депозиттерінде айтарлықтай өзгерістер байқалды. Ел тұрғындары банктегі жинағын 1,8 пайызға көбейтіп, жалпы салым көлемі 38,6 триллион теңгеге жетті. Бірақ, бұл өсім шетел валютасындағы жинақтың көбеюіне байланысты болған. Қарапайым тұрғындар ұлттық валютаға сенімсіздік танытып, ақшаларын шетел валютасында сақтауды жөн көрді. Оған себеп – теңгенің 4,7 пайызға құнсыздануы. Нәтижесінде, доллардағы жинақ көлемі бірден 10 пайызға өсіп, 8,9 триллион теңгеге жетті. Ал, теңгемен сақталған депозиттер 115 миллиард теңгеге азайды. Долларлану деңгейі бір айда 21,3 пайыздан 23 пайызға өсті. Осылайша, депозиттердің долларлану деңгейі 2022 жылғы маусымнан бері бірінші рет рекордтық өсім көрсетті. Бұл өзгеріс заңды тұлғалардың да қаржы стратегиясына әсер етті. Олардың депозиттері 6,7 пайызға ұлғайып, 17,3 триллион теңгеге жетті. Ал, шетел валютасындағы заңды тұлғалардың депозиттері 11,8 пайызға өсіп, 4,6 триллион теңге болды. Жеке тұлғалар да банктегі жинақтарын 1,7 пайызға көбейтіп, 21,3 триллион теңгеге жеткізді.

Осыған қарамастан, желтоқсандағы депозит көлемінің айтарлықтай өсіміне теңгедегі салымдардың артуы себеп болған. Теңгемен сақталған қаражаттың жалпы көлемі 2,3 триллион теңгеге, 7,9 пайызға ұлғайды. Яғни, бір айдан соң долларлану үрдісінде аса бір қатты серпін байқалған жоқ, керісінше теңгедегі салымдар көлемі қайтадан өсу аймағына қарай бағыт алды.

Әдетте, теңге бағамы құлдырағанда, халықтың шетел валютасына деген сұранысы артады.

Жалпы, теңге бағамының ауытқуы, инфляция деңгейінің өсуі және халықтың қаржы нарығына деген сенімінің өзгеруі халық пен бизнестің өз қаражатын доллармен жинауына ықпал ететін негізгі мәселелер деп есептеледі. Осы арқылы олар жиған-тергенін құнсыздануан сақтап қалуға тырысады. Бұл, өз кезегінде тұйықталған шеңбер сияқты реакция тудырып, елдегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына әсер етіп, ұлттық валютаның позициясын әлсіретеді.

Жыл қорытындысы бойынша валютадағы депозиттің жалпы көлемі 17,7 миллиард доллар болды, бұл – өткен жылғымен салыстырғанда 0,3 пайызға төмен көрсеткіш.

ТЕҢГЕ ТАРТЫМДЫ БОЛЫП ТҰР

Осылайша, теңге бағамындағы күрт өзгерістерге қарамастан, былтыр халық пен бизнес өз жиған-тергенін ұлттық валютада көбірек сақтауды жөн көрген. Мұның негізгі себебі – теңгедегі депозитке берілетін сыйақы мөлшері валютадағы депозитке қарағанда әлдеқайда жоғары. Депозит сыйақыларын салыстырсақ, шетел валютасында бұл көрсеткіш орташа есеппен бір жылда 1 пайыздан төмен екенін көреміз.

Бірақ, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының дерегінше, 50 миллион теңгеден асатын қомақты депозиттер көбінесе доллармен сақталады. Жиған-тергені көп қазақстандықтар ақшаның құнсыздануы мен бағамның ауытқуынан қорғану үшін қаржысын шетел валютасында сақтауы ықтимал.

Ал негізінен, доллармен сақталған депозиттердің құрылымына қарасақ, олардың негізгі бөлігі компанияларға тиесілі екенін байқауға болады. Корпоративтік сектордағы шетел валютасындағы салымдар жыл ішінде 5,8 пайызға өсіп, 8,9 миллиард долларға жетті. Ал, халықтың валютадағы депозиттері керісінше, 5,8 пайызға азайып, 8,7 миллиард доллар болған.

ХАЛЫҚ ПЕН БИЗНЕС ҚАЙ БАНККЕ КӨП СЕНЕДІ?

2024 жылы депозит өсімі бойынша Қазақстандағы ең жоғары көрсеткішті «Заман-банк» ислам банкі көрсетті. Жеке тұлғалардың салымдары бұл банкте 169 пайызға, ал заңды тұлғалардың депозиттері 275 пайызға өскен. Екінші орында «Bereke Bank» пен «Freedom Bank» тұр. Сонымен қатар, «Home Credit» те үздік үштіктің қатарына кірді. Бұл деректерді Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы жариялады.

Ал, 2024 жылы ең көп депозит тартқан банк –«Halyk Bank», ондағы салым көлемі 707,2 миллиард теңгеге өсіп, 12,59 триллион теңгеге жетті. Бұл банк еліміздегі ең ірі қаржы институттарының бірі ретінде өз позициясын нығайтып отыр.

Екінші орында – «Kaspi Bank». Банк депозит портфеліне 507,5 миллиард теңге қосып, депозит қорын 6,8 триллион теңгеге жеткізді. «Kaspi» клиенттерге ыңғайлы цифрлық қызметтерімен танымал, бұл оның салымшылар арасында тартымдылығын сақтап қалуына ықпал етті.

Үшінші орынды «Банк ЦентрКредит» иеленді. Бұл банк 368,3 миллиард теңге қосып, депозит портфелін 5,27 триллион теңгеге жеткізді. Бұл оның сенімге ие екенін көрсетті.

Төртінші және бесінші орындарда «Bank RBK» және «Jusan Bank» тұр. «Bank RBK»-дағы депозит көлемі 206,8 миллиард теңгеге ұлғайтып, 1,6 триллион теңгеге жетті, ал «Jusan Bank» 176,6 миллиард теңге қосып, 1,7 триллион теңге жинады.

Алтыншы орында – «Freedom Bank», оның депозит қоры 139,5 миллиард теңгеге артып, 1,05 триллион теңгеге жетті. Одан кейін «Еуразия банкі» тұр – ондағы салым 138,8 миллиард теңгеге көбейіп, 2,25 триллион теңгеге дейін өсті.

Сегізінші орында – «Bereke Bank», ол 118,5 миллиард теңге депозит тартып, жалпы соманы 1,5 триллион теңгеге жеткізді.

Тоғызыншы орында – «ForteBank», оның депозит базасы 112,8 миллиард теңгеге өсіп, 2,9 триллион теңгеге жетті.

Ал, үздік ондықты «Altyn Bank» түйіндеді, ондағы салым көлемі 96,9 миллиард теңгеге ұлғайып, 786,3 миллиард теңге болды.

Бұл көрсеткіш былтыр халық пен бизнестің қай банкке көбірек сенім артқанын көрсетеді. Көшбасшылар қатарындағы банктер жоғары пайыз мөлшерлемелері, цифрлық қызмет және клиенттерге ыңғайлы өнімдер арқылы депозит базасын ұлғайта алды.

ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ДОЛЛАРЛАНУЫ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ

2016 жылдан бастап теңгемен сақталған депозит үлесінің өсу үрдісі қарқынды дамып, тұтынушылар ұлттық валютадағы жинаққа басымдық бере бастады. Бұған теңгені қолдауға арналған арнайы бағдарламалар, қолға алған шаралардың нәтиже беруі әсер етті.

Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстанда долларлану деңгейі сыртқы факторларға да тәуелді болып келді. Әлемдік мұнай бағасының өзгеруі, геосаяси тұрақсыздық және жаһандық қаржы дағдарыстары теңгенің тұрақтылығына әсер етті. Халықтың қаржылық әдеттері де маңызды рөл атқарады. 1990 жылдардағы экономикалық тұрақсыздық пен ұлттық валютаның бірнеше рет девальвацияға ұшырауы долларды сақтандыру құралы ретінде пайдалануға үйретті. Бұл әдет әлі де ішінара сақталып келеді, әсіресе бағам күрт құбылғанда, ажиотаж туындап жатады.

Депозиттердің долларлану деңгейі ақша-кредит саясатының тиімділігіне тікелей әсер етеді. Теңгенің өтімділігін реттеу мүмкіндігі шектеледі, себебі, халықтың едәуір бөлігі жинақтарын шетел валютасында сақтауды жөн көреді. Банктердің кредит портфелінің долларлануы да осы тенденцияның жалғасы саналады. Егер кәсіпкерлердің көбі доллармен кредит алса, бұл шетел валютасына деген сұранысты арттырады, нәтижесінде теңгенің әлсіреуіне ықпал етеді.

Долларланудың жағымды жақтары да жоқ емес. Ол халықтың жинақтарын құнсыздануан қорғауға көмектеседі, сондай-ақ кейбір кәсіпорындар үшін импорттық операциялардағы валюталық сын-қатерді төмендетеді. Дегенмен, теріс салдары әлдеқайда басым. Экономикадағы долларлану деңгейінің жоғары болуы елдің қаржылық тәуелсіздігін әлсіретеді және ұлттық валютаға деген сенімді төмендетеді.

Д. УӘЛИБЕК.
Астана қаласы.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ҚҰМАР ОЙЫН ҚОР ҚЫЛАДЫ

Бүгінгі қоғамда құмар ойындарға тәуелділік – лудомания мәселесі өзекті болып отыр. Бұл проблема түрлі әлеуметтік топтарды қамтиды, әсіресе, тұрақты табысы бар адамдар арасында кең таралуда. Мемлекеттік қызметшілер де бұл тәуекел тобында болғандықтан, олардың қаржылық қауіпсіздігі мен еңбек тәртібіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан, лудоманияның себептері, салдары және оны болдырмау жолдары туралы түсіндіру маңызды.

Қазіргі таңда құмар ойындарға тәуелділік – қоғам үшін үлкен қауіптердің бірі. Бұл мәселе мемлекеттік қызметшілер арасында да өзекті, өйткені олардың қызметі елдің тұрақтылығына, заңдылықтың сақталуына және халықтың сеніміне тікелей әсер етеді. Лудоманияның алдын алу – мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен адалдығын қамтамасыз етудің маңызды факторы.

Лудоманияның мемлекеттік қызметкерлер үшін қауіптілігі бірнеше аспектілерден тұрады. Мысалы, қаржылық қиындықтар туғызады. Яғни, мемлекеттік қызметшілердің ойынға тәуелділігі олардың жалақысының тиімсіз жұмсалуына, қарызға кіруіне және қаржылық тұрақсыздыққа алып келеді. Соның салдарынан жемқорлыққа жол беруі мүмкін. Қарызға батқан адамдар заңсыз әрекеттерге, пара алу, бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға бармасына кім кепіл. Тәуелділікке шалдыққан қызметкерлердің жұмыстағы жауапкершілігі төмендеп, шешім қабылдау қабілеті әлсіреп, кәсіби міндеттерге немқұрайлы қарайтынын да ескерейік. Күйзеліс, депрессия, отбасылық жанжалдар және қоғамнан оқшауланулы психологиялық және әлеуметтік проблемаларды туындатады.

Мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындарға тәуелділігінің алдын алу үшін қажетті шараларды жүйелі түрде енгізу қажет. Айталық, құқықтық реттеу және қадағалау, яғни мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындарға қатысуына шектеулер қою, бүгінгі күнге бұл шектеулер қойылып отыр. Сондай-ақ заңнаманы күшейту арқылы лудоманияға бейім қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру, қызметкерлердің қаржылық ахуалына қатысты мониторинг жүргізу керек. Екіншіден, қаржылық сауаттылықты арттыру–мемлекеттік қызметкерлерге жеке қаржыны тиімді басқару бойынша оқыту курстарын өткізу, артық шығындар мен қарыздардың алдын алу үшін қаржылық жоспарлау мәдениетін қалыптастыру, жинақтау және инвестициялау дағдыларын үйрету маңызды болмақ. Үшіншіден, психологиялық қолдау көрсету – лудоманияның алғашқы белгілерін анықтау және тәуелділікке бейім адамдарға көмек көрсету үшін кәсіби психологтарды тарту, құпия кеңес беру және психологиялық тренингтер ұйымдастыру, стресс пен қысымды жеңуге көмектесетін дағдыларды дамыту тиімді. Төртіншіден, ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырған жөн. Мәселен, лудоманияның зияны туралы семинарлар, тренингтер, дәрістер өткізу, мемлекеттік қызметкерлерге құмар ойындардың салдары туралы нақты мысалдар келтіріп, ақпарат тарату, қызметкерлер арасында жауапкершілікті күшейту мақсатында арнайы ақпараттық науқандар ұйымдастыру қажет.

Лудомания – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Әсіресе, мемлекеттік қызметшілердің бұл дерттен сақ болуы – олардың кәсіби беделі мен мемлекеттік аппараттың тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы. Қаржылық сауаттылықты арттыру, құқықтық бақылауды күшейту, психологиялық қолдау көрсету және ақпараттық жұмыстар жүргізу арқылы бұл дерттің таралуын болдырмауға болады. Сондықтан, бұл мәселенің алдын алу үшін тиісті шаралар қабылданып, әрбір қызметкердің жауапкершілігін арттырған ұтымды.

Ж. МҰХАТАЕВА,
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы Жамбыл облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі.

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

ЭКОНОМИКАНЫҢ БОЛАШАҒЫНА САЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯ

Былтыр облыста жергілікті бюджеттен 1276 жаңа бизнес-жоба қаржыландырылған. Одан бөлек, жұмыс істеп тұрған компаниялар да мемлекет қолдауынан құралақан емес. «Кәсіпкер» бағдарламасы мен «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының» нәтижесінде ортопедиялық матрас және бөлмеаралық есік шығаратын кәсіпорындар өндіріс көлемін кеңейтумен қатар, бәсекеге қабілетті өнім шығаруды жолға қойған.

Атап айтсақ, 2016 жылы құрылған «Фламинго KZ» ЖШС ортопедиялық матрастар шығарады. Компанияда өндірістің толық циклі ортопедиялық серіппелі блокты дайындаудан бастап, дайын өнімді орауға дейінгі процесс қамтылған.

Қазірде жетекші өндірушілердің сапалы материалын пайдалану көптеген импорттық аналогтардан кем түспейтін өнім жасауға мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде фабрикада 40-қа жуық адам жұмыс істейді. Жыл сайын кәсіпорынның салықтық аударымдары да ұлғаюда. «Кәсіпкер» бағдарламасы бойынша алынған қаражат компанияға өндірісті кеңейтуге, жаңа жабдықтар сатып алуға және өнімділікті арттыруға көмектескен.

– Мақсатымыз – аймақта ғана емес, еліміз бойынша танымал брендке айналу. Мемлекеттік қолдаудың тұрақты дамуымызға көмегі мол, – дейді «Фламинго KZ» ЖШС сату бөлімінің бастығы Екатерина Нұрахметова.

Ал, «İsmail Doors» – ірі тапсырыстарды орындауға әлеуеті жететін облыстағы бөлмеаралық есік шығаратын санаулы компаниялардың бірі. Бұл кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 10-12 мың есік. Бөлмеаралық есіктердің сертификатталған сапалы материалдардан жасалатынын атап өткен жөн.

Компанияда қазір 20 адам жұмыс істейді. Кәсіпорын бизнесті кеңейтуге және қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша қолдауға қол жеткізіп отыр.

Кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарскаяның айтуынша, шағын және орта бизнесті қолдау – экономиканың болашағына салынатын инвестиция. 2024 жылы облыстық бюджеттен 1276 жаңа жоба қаржыландырылған. Сонымен қатар, бұрын қабылданған міндеттемелерді субсидиялау да жалғасып жатыр.

– Бизнестің іскерлік белсенділігінің артқаны көз қуантады. Аймақ экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесі 43,2 пайызды құрайды. Қолдаудың маңызды шараларының бірі бөлшек салық мөлшерлемесін екі есеге – 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендету болды. Бұл салық төлеушілер санын 20 есе, ал, салық түсімдерінің сомасын 250 есе ұлғайтуға мүмкіндік берді, – дейді Ирина Любарская.

Облыс аумағындағы шағын және орта бизнесті дамытудың басым бағыттары өндеуші және туристік салалар болып отырғанын да атап өткен жөн.

Ж. ШАЛҚАР.
Қарағанды облысы.

ШАҒЫН БИЗНЕС

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТЫ – ӨНІМ САПАСЫ

Соңғы уақытта нарықта мұздатылған тағамдарға деген сұраныс көбейіп келеді. Бұған халық санының, тіршілік қарқынының және тұтынушылардың тағам әзірлеуге жұмсалатын уақытын үнемдеуге деген ұмтылысының артуы ықпал етуде.

Осыны білетін Зәуреш Байжанова жартылай әзірленген тағам түрлерін өндіру кәсібін қолға алды. Жеке кәсіпкердің бұл сала бойынша 10 жылдан аса тәжірибесі бар. Ол 2022 жылға дейін «Уральские» брендімен жартылай фабрикаттарды өндіріп, сату қызметімен айналысты. Ал, 2022 жылы кәсіпкер брендпен бірге бизнесін сатты.

Бір жылдан соң бизнесін қайта қолға алуды жөн көріп, Талдықорған қаласында цех сатып алды. Сөйтіп, «Аяшки» жаңа сауда белгісімен жартылай әзірленетін фабрикаттар қайта шығарыла бастады. Бұл тағам түрлері аймақта өте танымал.

– Өнім сапасына айрықша мән беріледі. Бұл – біздің қызметтегі негізгі қағидатымыздың бірі. Әсіресе, тазалыққа баса назар аударылады. Мұның бәрі өндірілген өнімнің кепілі саналады. Сондай-ақ біз шаруа қожалықтарымен жұмыс істейміз, – дейді кәсіпкер Зәуреш Байжанова.

«Даму» қоры мен екінші деңгейлі банктер арқылы мемлекеттік қолдау бағдарламалары бар екенін білген кәсіпкер айналым қаражатын толықтыру үшін несие алу мақсатында «Қазақстан халық банк» АҚ-на жүгінді. «Бірыңғай кешенді бағдарлама» шеңберінде «Даму» қоры пайыздық мөлшерлемені субсидиялап, жетіспейтін кепілмен қамтамасыз ету үшін кепілдік берді.

Қазір «Аяшки» брендімен манты, тұшпара, вареники сияқты тағам түрлері әзірленеді. Қолмен жасалатын өнімдерге сапалы әрі табиғи қоспалар қосылады. Жартылай дайындалған өнімдер Талдықорған қаласындағы дүкендер арқылы тұтынушыларға жеткізіледі.

А. БАЙБОСЫНОВА.
Талдықорған қаласы.

ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДА

МАЛ БАСЫН ӨЗ ТӨЛІ ЕСЕБІНЕН КӨБЕЙТУДЕ

Ақкөл ауданындағы Кеңес ауылдық округіне қарасты Домбыралы ауылы малсақ қауымға өте ыңғайлы, шүйгін-шалғыны мол, құйқалы өңір. Осы жерді жайлаған «Бекхожин С.У.» шаруа қожалығы нәтижелі еңбегінің арқасында асылтұқымды қара малды өз төлі есебінен көбейтіп, өнімін бұлдап өткізіп, тәп-тәуір табысқа қол жеткізіп отыр.

Қара мал баққаннан көсегесі көгермейді деген теріс түсінікті жоққа шығару үшін осы шаруашылықтың тәжірибесін тарата айта кетудің реті келіп-ақ тұр. Ең алдымен бұл жерде қара малдың «Герефорд» тұқымы өсірілетіндігін айта кетуіміз керек. Шаруашылық басшысы Саян Бекқожиннің пайымдауынша қысы-жазы бесбатпан бейнетін көріп, мал баққан соң еңбегің ақталатын асылын баққан абзал.

– Біз шаруашылық құрарда жан-жақты ақылдастық, – дейді Саян Ұланұлы, – бірден асыл тұқымды малға аңсарымыз ауды. Ес біліп етек жапқалы ел ішінде мал бағып келе жатқандықтан, оң-терісін таразылап, сарапқа салдық. Тұқымы азған жергілікті малдың еңбегіңді өтемесі анық. Бұрын-соңды бағып көрмеген соң құны қымбат асыл тұқымнан да қауіптендік. Сырын білмеген соң «сыртынан қалай жүрсің». Ақыр соңында, «тәуелкел түбі–желқайық, өтесің де кетесің» дегендей, ата кәсіпті жаңа белеске шығаруға бел будық.

Асыл тұқымды мал малсақ қауымның үмітін ақтапты. Қазіргі күні шаруашылық төңіректегі елді мекен тұрғындарын дәмі тіл үйіретін сапалы етпен қамтамасыз етіп келеді. Ауылшаруашылығын дамытатын бағдарламалардың да белсенді қатысушысы. Ең бастысы, Домбыралыдағы төрт түлікке үйір талапты жастарды баулып, адал еңбектің әліппесін үйретіп жүр.

Мал басын өз төлі есебінен көбейтуді мұрат тұтқан шаруашылық бүгінде 250 бас ірі қара, 200 қой, екі үйір жылқы бағады. Шағын шаруашылық үшін жапжақсы көрсеткіш. Мал болғанда қандай, кілең асыл тұқымды. Небары 18 айдың ішінде тірідей салмағы 500 килодан асып жығылады.

– Өмір бойы мал ішінде келе жатқандықтан, ата кәсіптің жай-күйін бір адамдай білемін, – дейді шаруашылық басшысы, – Меніңше елде тұрып мал баққысы келген адам алдымен ыстығына күйіп, суығына тоңуы керек. Бұрынғылар «жылқыны жылқының өзіндей қайратты адам ғана баға алады», – дейтін. Осы бір ауыз сөздің астарында ата кәсіптің бар ауыртпалығы, қиындығы қылаң беріп тұр емес пе? Бүгінде мал бағудың да жосығы өзгерген. Кешегі кеңес заманында қоғамның жұмысынан қолы босамайтын ауыл адамдары қорасындағы бірді-екілі сиырға таңертең бір, кешке бір айыр шөп сала салатын. Егер мал бағып, табыс тапқың келсе, бұл шаруаға жан-тәніңмен берілуің керек. Малдың ішінде өзің күні-түні жүрмесең өспейді.

Бұл шаруашылық – аудандағы асыл тұқымды ірі қара өсіріп, табысқа кенеліп отырған ұжымның маңдайалдысы. Шаруашылық мал басын көбейтумен қатар, бұл тараптағы жаңа заманғы технологияларды игеріп жатыр. Ілкімді жұмыстың арқасында тиімділігі де күн өткен сайын көзге ұрып тұр. Шаруашылықтағы қол еңбегін азайту деген ұмтылыс бұрынғы бейнетті жеңілдете түсіп отыр.

– Шаруашылықтың тәжірибелі басшысы ең алдымен өз ісіне деген сүйіспеншілігі бар адам, – дейді Кеңес ауыллық округінің әкімі Мадияр Жетпісов. – Шағын шаруашылық болса да елдегі әлеуметтік мәселелерді оңынан шешуге септігін тигізеді. Қайырымдылық деген жақсы қасиет. Оның үстіне әрбір жұмыс орны қымбат.

Бұрынғылар «елде болса ерніңе тиеді» деген сөзді біліп айтқан. Ауыл аймақта осындай бас көтерер азаматтардың адал еңбегімен көркейген шаруашылықтар көбейген сайын жергілікті жердегі мәселелер де шешіле бермек. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан төрт түлік малмен айналысамын дегендерге қыруар көмек бар. Тек соны ұқсата білген жөн.

– Алдағы уақытта мал басын көбейтпек ойдамыз, – дейді Саян Ұланұлы, – ол үшін мал тұқымын жақсарта беруіміз керек. Кейде менен неге «Герефорд» бағасын деп сұрайды. Өзге малсақ қауым да құлақтана жүрсін деп бұл тұқымның артықшылығын бір ауыз сөзбен айта кетейін. Ең алдымен өнімділігі жоғары, төзімді, көп ауыра бермейді. Аз бақсақ та асылын бағып, игілігін көріп отырмыз.

Б. БАЙӘДІЛ.
Ақмола облысы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

ЖАЛАҒАШТА КӘСІППЕН АЙНАЛЫСҚЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР КӨБЕЮДЕ

Бүгінде Жалағаш ауданының тұрғындары табыстың тетігі кәсіпте екенін жақсы түсінген. Нәтижесінде қолдан келетін сүйікті ісін табыс көзіне айналдырып, кәсіппен айналысқысы келетіндер едәуір артып отыр. Оның себебі, азаматтарға кәсіп бастау үшін мемлекеттен қолдау да көп, тек ынта болса жеткілікті.

Жалпы, Қызылорда облысында «Ауыл аманаты» жобасы аясында соңғы екі жылда 4,3 миллиард теңгеге 601 жоба жүзеге асырылып, 917 жаңа жұмыс орны ашылған. Әрине, бұл ауқымды жұмыстың нәтижесі екені анық, алайда бұл межеге тоқмейілсуге болмайды. Сондықтан биыл тағы 815 жобаны іске қосып, сол арқылы 1 мыңнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Бүгінде осы бағытта шағын өндіріс орталықтарын құруға басымдық берілуде. Шаруашылық құрылымдарының әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде кәсібін бастаушыларды ғимаратпен, кепілдікпен қамтамасыз ету тәжірибесі де енгізілген. Еске салайық, өткен жылы «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында 49 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар, «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында биыл агро-индустриялық жобаларға қажет мамандар даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс саны 5308 орынға дейін ұлғайтылған.

Ауданға келетін болсақ, Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап өңірде «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары сәтті жүзеге асырылып келеді. Мәселен, былтыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2972-ге жетіп, бүгінде оның 2839 субъектісі немесе 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлері ұсынған 325 жоба 5 миллиард 132 миллион теңгеге қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылды.

Мұнан бөлек «Байқоңыр ӘКК» ҰК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржылық қолдауға ие болу үшін әртүрлі бағыттар бойынша 268,4 миллион теңгені құрайтын 48 жоба «Ауыл аманаты» цифрлық платформасына енгізілген. Оның ішінде 60 миллион теңгені құрайтын 11 жоба қаржыландырылып, 11 жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ өткен жылы желтоқсан айында 43 миллион теңгені құрайтын 10 жоба комиссияда мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған.

Нақтырақ айтсақ, ауданда өңдеу саласын дамыту мақсатында жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 миллион теңгені құрайтын «Akniet» құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылды. Сонымен қатар, «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 миллион теңгеге «Өндірістік база» цехының құрылысы жүргізілуде, жақын уақытта іске қосу жоспарлануда. Цех мақсарыдан май, жүгеріден ұн және күріштен кеспе өнімдерін шығаруды қолға алмақ. Сондай-ақ өндіріс арқылы 22 жұмыс орны ашылады.

Тағы да айта кететін жайт, аудан орталығынан өткен жылы кәсіпкерлердің бастамасымен құны 600 миллион теңгені құрайтын үш сауда орталығы ашылып, ел игілігіне берілді.

Ж. АРЫН.
Қызылорда облысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

БІЛІКТІ ДӘНЕКЕРЛЕУШІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. «Біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады», – деді Президент. Расында, қандай жұмыс істесең де оған ең әуелі жауапкершілік керек. Ыждағаттылық, төзімділік пен сенімділікті жаныңа серік етпесең істеген ісіңнің олқы тартып кететіні бар. Қомақты табысқа жету үшін таймайтын табандылық, кәсібіңнің шебері болуың маңызды. Ол дүние кейбіреуге уақыт өте келеді, енді біреу көздегеніне танбас талапшылдығының арқасында жетеді.

Бүгінгі кейіпкеріміздің еңбекқорлығы–көпке үлгі. Темірді теріше илейтін Берік Өтепбергенов еңбек жолын 2005 жылы «Қамқор» ЖШС-де 4-дәрежелі электргаздәнекерлеуші болып бастаған. Одан кейінгі жылдары «Бином» ЖШС-де электргаздәнекерлеуші, «Корпорация» ЖШС-де 4-дәрежелі электргаздәнекерлеуші, «Таразтрансэнерго» МКК-да 6-дәрежелі электргаздәнекерлеуші болып жұмыс атқарған. 2020 жылдан бері «Таразтрансэнерго» МКК №2 аудандық ішкіқварталды жылу жүйесінің №3 учаскесінде 6-дәрежелі электргаздәнекерлеуші болып қызмет етіп келеді.

Берік Темірбайұлы – өз ісін терең білетін, жауапты, талап қоя білетін, ісіне мұқият және кәсіби білікті қызметкер. Жұмыс кезеңінде өзін білікті, адал, қойылған міндеттерді сапалы орындайтын маман ретінде көрсетті. Қойылған міндеттерді орындау кезінде күш және уақытын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді. Өзіне талапшыл, өз маманына шебер ұйымдастырушы. Мекемедегі қоғамдық жұмыстарды атқаруда белсенді атсалысады.

Б.Өтепбергенов қызметінде өзінің тікелей міндеттерін орындаумен ғана шектелмейді. Ол жас буын әріптестеріне қолдау білдіріп, тәлімгерлік етеді. Білім беру мен тәжірибе алмасудың маңыздылығына назар аудара отырып, ол өзінің кәсіби құпияларымен бөлісуден ешқашан бас тартқан емес. Бұл бағыттағы жұмысы мекемедегі жас мамандарға өз ісіне бейімделуге және кәсіби тұрғыда өсуге көмектесіп келеді. Оның қолдауының арқасында жаңадан келген жастар жұмысын тезірек игеріп, айтарлықтай жетістіктерге жетуде.

А. ЕСЕН.
Жамбыл облысы.

СҰҚБАТ

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ БӘСІ БИІК

Республикалық «Құсбегілік» федерациясының президенті Берік Уәли «BAQ.KZ» тілшісіне сұқбат берді.

– Берік Уәлиұлы, Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіретін «Құсбегілік» федерациясына жетекшілік жасағаныңызға да төрт жылға жуықтапты. Қазіргі уақыттың екпінімен қарағанда бұл көп те, аз да емес. Әйтсе де, атқан таң мен батқан күнге бір шегініс жасап қояйықшы. Не істелді, не істеледі? Федерацияның алдағы жоспары қалай?

– Иә, бағыдан қалған бекзат өнерге қолымыздан келгенінше қамқорлық жасап, ата-баба мұрасына адалдық танытуға барымызды салып келеміз. Құсбегілікті дамыту, қолдау жұмыстары 2013 жылдан бері атқарылып жатыр. 2021 жылдың соңына қарай маған ұсыныс түсті, 2022 жылы Республикалық құсбегілік федерациясы болып атауы жаңартылды. Өзің айтып отырғандай, басқа федерациялар сияқты Ұлттық спорт қауымдастығының қатарына қосылдық. Сол сәттен бастап Республикалық құсбегілік федерациясы ресми тіркеліп, аккредитациядан өтті. Қызметі жүйеленіп, тұрақты кеңсесі ашылды. Штаттық кестесі бекітіліп, есепшоттары іске қосылып, әкімшілік басқару персоналына алты адам еніп, өздеріне тиесілі міндетті жұмыстары белгіленді. 2023 жылдың екіншісі жартысынан бастап құсбегіліктен Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасы жасақталып, жасы бар, ересегі бар 24 спортшы федерация тарапынан тұрақты жалақы ала бастады. Аймақтарда Федерация филиалдары ашылып, аға жаттықтырушылар қызмет атқарып келеді.

– Қазіргі технология заманында қоғам сұранысынан қалмаудың басты жолы–техникалық тұрғыда толықтай «қаруланып», сақадай сай тұру. Бұл өзіңіз атқарып жатқан жұмысты жан-жақты насихаттап, тұтынушы сұранысын толық қанағаттандыру үшін керек. Ал, құсбегілік – бәріміз білетіндей, нағыз «экшн» өнер десек болады. Оны толық түсіру үшін түрлі техника керек. Сіздер ұйымдастырған салбурындарда осы техника жағы түгел секілді көрінеді...

– Дұрыс байқаған екенсіз. Бұл қазіргі ақпараттық тасқын дәуірлеген замандағы уақыт талабы деуге болады. Федерация құсбегілік спортын дамытуға және жарыстарды өткізуге қажетті техникалық базамен толық қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, кәсіби бейнекамера, фотоаппарат, квадрокоптер, жарысқа арналған электронды табло, электронды курсинг, бинокль, секундомер, тағы да сол сияқты керек-жарақтармен толық жабдықталды. Одан бөлек, жаңа жоғарыда айтқан, әкімшілік басқару персоналы түгелдей жаңа ноутбук, принтерлермен қамтамасыз етілді. Аталған техникалық жабдықтарымызды түгендеуге мүмкіндік берген Спорт қоры мекемесінің атын атамай кетуге болмайды. Федерацияның атынан ресми сұраныс жолдап, техникалық құралдардың қажеттілігін дәлелдегеніміздің нәтижесінде осы мүмкіндікке қол жеткіздік.

– Ұлттық спорт, соның ішінде осы құсбегілік бұқаралық сипат алып, жастар арасында қырғи, қаршыға ұстайтын балалар көбейіп келе жатқаны қуантады. Дегенмен, осы салаға қатысты оқу-әдістемелік құралын әзірлеу мәселесі ақсап тұрған сыңайлы...

– Бекзат өнеріміздің құймақұлақ бабаларымыз үлкен ыждаһатпен үйреніп, сан ғасырларға жеткізді. Қазақта құсбегілердің шежіресін тарату дәстүрі, құстарды мекендеген аймағына, жеке қасиеттеріне қарай саралау дәстүрі, құс сынау өнері, баптау тәсілдері ғылыми деңгейге жеткен. Мұны арнайы үйренбей, ұстаз алдын көріп дағдыланбай меңгеру мүмкін емес. Жалғызақ құстың «қоясын түсіру» қандай күрделі процес екенін жалпы жұрт біле бермейді. Мен белгілі құсбегінің әулетінен болған соң, бала күнімнен құлағымда қалған әңгімелерден білемін. Бұл дала данышпандарына айналған аталарымыздың өмірлік тәжірибесі десек артық айтқанымыз емес. Сол даланы еркін меңгерген аталарымыз, алқаракөк аспанды кеңінен иеленген қыранды қолға қондырды емес пе?! Кешегі Тінейді, Жалайыр Шораны, Жәлменбетті айтсақ та жетіп жатыр. Дегенмен, әр спортты заманауи талапқа сай, әдіс-тәсілін қаттап-шоттап отыру тарих үшін керек болса, қазіргі заманның талабына сай, халықаралық деңгейге шығу үшін де оның жан-жақты зерделеніп, бүге-шігесіне дейін талданып, қағаз бетіне түскені дұрыс. Осыны ескере отырып, ардагер құсбегілер, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, жаттықтырушылар бас болып, халықтық тәжірибені жинақтап, құсбегіліктен шағын методикалық кітап жазылып, баспадан шығарылды. Бұл жалпы құсбегілік спортына, құсбегілік дәстүрімізге қызығушылық танытқан кез келген адамға түсінікті тілмен жазылған тырнақалды туынды болды. Биыл тағы да дамытып, дизайнын өңдеп, қайта басу жоспарымызда бар. Бұдан бөлек, екі жылдан бері ресми сайтымызды ашып, федерация жаңалықтары мен қажетті ақпараттарын тұрақты жариялап келеміз. Құсбегілік спортын дәріптеп жүрген БАҚ та аз емес. Солардың бірі, былтыр «Хабар» телеарнасынан бүркітшілердің өмірі жайлы ақпараттық-танымдық «Құсқанат ғұмыр» атты бағдарламаның 12 шығарылымы көрерменге жол тартты.

– Айтпақшы, осы бағдарлама биыл жалғасын таба ма?

– Бұйырса, биыл да жалғастыру ойымызда бар. Сондай-ақ еліміздегі құстың қыр-сырын жетік меңгерген ардагер құсбегілерді қолдау мақсатында, екінші жағынан, ел ішінде құсбегілік өнерді насихаттау тұрғысынан «Қыранның тілін тапқан ер» атты жобаны қолға алдық. Осы орайда, әсіресе әлеуметтік желі қолданушыларына арнап биыл «Қыран-Time» жобасын бастайтынымызды айта кеткім келеді.

– Сізден бір түйткілді мәселені сұрағым келіп отыр. Бұл мәселе көтерілгелі де біраз болды, бірақ әлі шешімін таппай келеді. Ол–құсбегілеріміздің құстарын ел ішінде тасымалдау мәселесі. Бұл шаруаның барысы не болып жатыр?

– Мұндай мәселе барын осы саланы басқаруға келген күннен бастап білемін. Шешу тетіктері қарастырылып, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығы, ҚР Көлік министрлігі және «ҚТЖ» АҚ-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында теміржолмен құстарды тасымалдау мәселелерін жеңілдету бойынша жұмыс атқарылып жатыр. Тасымалдау ережелеріне өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жалғасады. Жақын арада жалғыз біздің емес, барлық ұлттық спорт түрлерінің мәселелері жинақталған құжат ҚР Парламент депутаттарының талқылауына ұсынылады. Жақсы үміт ешқашан үзілмейді ғой, күтейік.

– Берік Уәлиұлы, енді әңгіме ауанын федерацияның нақты жұмысына қарай бұрайық. Өзіңіз басшылыққа келгелі бері құсбегілік спортынан қанша сайыс өтті? Қандай жетістіктер бар?

– 2023 жылдан бері төрт рет Қазақстан Республикасының чемпионаты, жеті рет халықаралық турнир, үш рет республикалық жарыс және V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Сонымен қатар, жаттықтырушылар мен төрешілерге арналған республикалық оқу-әдістемелік семинары өткізілді. Әрине, жылды қорытындылап, елдегі бүкіл құсбегінің басын қосып, қорытынды конференция ұйымдастырдық. Федерация тарихындағы алғашқы конференция барысында үздік атанған жыл спортшыларына, жаттықтырушыларға, төрешілер мен ардагер құсбегілерге құрмет көрсетіліп, түрлі деңгейдегі алғыс хаттармен, қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

– Қателеспесем, Сіздер Халықаралық құсбегілер федерациясын да құрдыңыздар. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

- Иә, 2023 жылдың соңында Қазақстан, Ресей, Түркия, Қырғызстан, Моңғолия қатарлы бес елдің қатысуымен Халықаралық құсбегілік федерациясы құрылды. Аталған 5 елдің өкілдері меморандумға қол қойды. Құсбегілік саласы, әсіресе бүркіт баптап, қыран түлету негізінен осы бес елде жақсы дамыған. Ал, кейбір құстарды, сұңқар, қаршығаны саятшылық үшін, ермекке ұшыратын ел көп. Бұл саланы спорттық деңгейге көтеріп, халықаралық жарыстарға қатыстырып, дәріптеп отырған санаулы мемлекеттің біріміз деп ауыз толтырып айта аламыз.

– Оныңыз рас. Құсбегілікті адамзатқа ортақ өнер ретінде дәріптеп келе жатқан қазақтар ғана десек болады. Айтпақшы, 2023 жылы құсбегілер арасында дау шығып, «жүлдемізді ала алмай жүрміз» деген өкпе-реніш айтылып еді. Соның соңы немен бітті?

– Өз жарамызды өзіміз жазып алып, жортып жүргендей сезінеміз. Ал, сіздер бәрін қайдан естіп аласыздар осы (күлді). 2023 жылы өткен алты жарыстың жүлдесі ҚР Ұлттық спорт қауымдастығы тарапынан төленуі керек болған. Жыл басында арнайы регламент бекітіліп, сол жерде міндеттеріміз нақтыланған құжатқа қол қойғанбыз. Алайда, жыл соңына дейін түрлі себеп пен сылтау айтылып, ақыры қауымдастық «төлемейтін болдық, себебі біз «Спорт қоры» дейтін мекемеден қаражат ала алмадық» деп шықты. Жарты жылдан астам, тіпті жылға жуық төлем жасалмай, адал жүлдесін ала алмай жүрген спортшылар шуламағанда қайтсін?! Мұндайда құсбегілердің еңбегін елеусіз қалдырып, бірді-бірге соғып, сылтау айтып отыратын емес, бірден Ұлттық спорт қауымдастығының өкілдерін шақырып, ашық жиналыс өткіздім. Жиналыстан кейін қауымдастық демеушілер көмегімен алты жарыстың екеуін төлеп беретін болды. Қалған төрт жарыстың жүлдесін күтіп жүрген спортшылардың меселін жықпайын дедім. Федерация президенті ретінде салмақ тікелей маған түскендіктен, еліміздің атымтай азаматтарына байланысқа шығуға тура келді. Демеушілердің көмегімен төрт жарыстың 10 миллион теңгеге жуық сомадағы жүлделерін төлетіп бердік. Сіздің естіп жүрген әңгімеңіздің төркіні осы болса керек. Былтыр бұрынғы қателіктен сабақ алып, регламентті бекіткенде мұқият қарап, көтере алмайтын шоқпарды белімізге байламау керек екенін бәріне ескертіп отырып, жұмыс жүргіздік. Ешқандай әңгімесіз қызмет атқарылды, ол солай болуы керек.

– Бұл бір оңтайлы шешілген шаруа болған екен. 2024 жылы әлемнің назары ауған V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Осы додада ел намысын қорғаған бүркітшілеріміз айрықша алғырлық танытып, жеңіс тұғырынан көрінді.

– Бұл бір біз ғана емес, бүкіл елдің асыға күткен байрақты бәсекесі еді ғой. Оның сыртында, елдің намысы мен абыройы қатар сынға түсті. Келген қонақты лайықты қарсы алсақ – абырой сол, сайысқан спортта есемізді жібермесек – намыс деген сол. Сондықтан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастырушы мемлекеттің жауапты федерациясы ретінде көп жүк бізге түсті. Қонақтарды күтіп алу, жарысты өткізу, ақпараттық насихат, тағы басқа жұмыстарының өзіне 40 миллион теңгеден аса қаражат жұмсалды. Мұның бәрін ұлттық спортқа жанашыр азаматтардың демеушілігімен атқарып шықтық. Намысымыз биіктеп, абыройымыз асқақтағанын күллі әлем көрді. Спортшыларымыз өте жоғары деңгейде нәтиже көрсетті. Құсбегіліктен Қазақстанның құрама командасы айтулы жарыста 2 алтын, 1 күміс, 3 қола медалді еншілеп, 10 мемлекеттің арасынан командалық есепте бірінші орын алды. Дәл осы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында еліміздің намысын қорғап, қыран құстарын алтын және күміс тұғырға қондырған қос спортшымызға екі темір тұлпар мінгіздік. Басқа медаль алған спортшыларымыз да федерация тарапынан қомақты қаржылай сыйлықтарға қол жеткізді. Мұның бәрі ұлттық спорттың жарқын болашағы үшін біздің үйлестіріп жүрген жұмысымыз болса, бізге осындай мүмкіндіктерді тарту етіп, демеушілік көрсетіп жүрген тарланбоз азаматтар, меценат бауырлар Дулат Тастекеев пен Талғат Сахан сынды жігіттердің арқасы деп білемін.

– Сол Көшпенділер ойындарынан кейін, шұғылалы Шығыста қыранын шаңқылдатып «Шығыс Салбурыны» деген атаумен өткен халықаралық жарыс жайлы айтып өтсеңіз.

– «Шығыс Салбурыны-2024» халықаралық турнирі де өте жоғары деңгейде өтті. Сайысқа біздің елден бөлек, Ресей, Моңғолия, Қырғызстан, Мажарстан, Қытайдан қыранын қалықтатып келген саятшылар аз болмады. Осы сайыста да 100-ге жуық құсбегінің ішінен еліміздің темір қанат, жез тегеурінді қырандары қапы қалмады. Тек біздің елден ғана 30-дан астам құсбегі өнер көрсеткен дода ел есінде қалар игі шара болды. Ал, осы дода барысында әлемге танымал айтулы бүркітші қызымыз Айшолпан Нұрғайыпқа Шығыс Қазақстан облысы әкімінің қолдауымен, жергілікті азаматтардың демеуімен Өскемен қаласынан 2 бөлмелі пәтер кілті табысталғанын ерекше айта кеткен жөн. Құстың тілін тауып, оны баулып, өз қолымен күтім жасап жүрген құсбегі спортшыларымыздың еңбегі ерен. Сондықтан қолымыздан келгенше барлық жағынан тиімді шаруалар атқарсақ деген мақсатымыз бар.

– Әңгімеміздің соңына да келіп қалған екенбіз. Алдағы уақытта атқарылар жұмыстарға қысқаша тоқталсаңыз.

– Алдағы уақытта республикалық және халықаралық жарыстар өз кестесіне сай тұрақты өткізіле береді. Ал, жылдың алғашқы жарысы Түркістан облысында томағасын сыпырды. Жасөспірімдер және жастар арасындағы ел чемпионаты 16 ақпанға дейін жалғасып, жас саятшыларымыз еліміздің бірнеше аймағынан жиналып келіп бақ сынады. Мұнан бөлек, биылғы күнтізбелік жоспарға сай, атқарылуға тиіс біраз шаруа бар.

– Жеке-жеке тоқталып кетсеңіз?

– Халқымыз қашанда «арық айтып, семіз шық» дейді. Сондықтан да «асатпай жатып құлдық деме» дегендей, жалпыға жар салғым келіп отырған жоқ, әр шаруаны уақытында тарқатып, нақты іспен нәтиже көрсетсек дейміз. Десе де, биыл құсбегіліктен халықаралық конференция өткізсек деген жоспарымыз бар. Одан бөлек, бірнеше дәстүрлі сайысымыз өз кезегін күтіп тұр. Атап айтқанда, Күнтуған Тоқтыбайұлы атындағы, Мәсіп Батырханұлы атындағы, «Сонар-2025» және «Шығыс Салбурыны-2025» қатарлы халықаралық сайыстарымыз бар. Ал, ардагер құсбегілер арасындағы «Үздік ардагер құсбегі» республикалық турнирі биыл да жалғасады.

Биыл Баян-Өлгейдегі бауырларымыз «Бүркіт тойы» халықаралық турниріне шақырса, Словакия Республикасы Бүкіләлемдік құсбегілер семинарын өткізбек. Ал, биылғы басты додалардың бірі – құсбегіліктен ересектер арасындағы III Азия чемпионаты Қырғыз елінде байрағын көтереді деп жоспарланған. Әрине, бұлардан бөлек ел ішілік чемпионаттарымыз кестеге сәйкес өте береді. Сондай-ақ осы құсбегілікке қатысты үлкен энциклопедиялық деңгейдегі кітап дайындап жатырмыз, үш тілде шығару жоспарымызда бар, спорттық құстардың тақырыбында мұндай еңбек ешқашан жарыққа шықпаған.

– Шығыста өткен саятшылық мерекесінде Айшолпан қарындасымызға баспананың кілті берілгенін айтып қалдыңыз. Әлем таныған қарындасымыз елге келгелі, елімізде де құсқа қызығар қаракөздердің қатары молая бастаған секілді.

– Осы жайлы өзім де айтқалы отыр едім, сөзге қонақ бермейсіз. Иә, қолына қыран қондырған қарындастарымыздың қатары көбейіп келе жатқаны рас. Осыны ескере отырып, биыл ел тарихында Құсбегіліктен тұңғыш рет қыздар арасында республикалық ашық турнир өткізсек пе деп отырмыз.

– Бұл тамаша жаңалық екен. Қарына қаршыға қондырған қыз қазақ тарихында да аз болмаған ғой.

– Иә, дұрыс айтасың. Осы жылдың еншісінде бұдан басқа да қолға алған жұмыстар бар. Дегенмен, барлығын уақыт көрсетеді. Қанша федерациямыз бар десек те қаржы мәселесі қолбайлау болатыны жасырын емес. Әрине, жоспарланған дүниелер жайлы өз кезегінде айтып, түсіндіріп, БАҚ-пен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз деп сенемін.

– Сөз соңында Сізге бір ыңғайсыздау сұрақ сұрағым келіп отыр. Федерация басшысы ретінде қанша жалақы аласыз?

– Мынау менің күтпеген сұрағым болды. Қанша жыл ұлттық спорт жайлы жазып жүріп, федерация басшылары ешқандай айлық алмайтынын білмеуші ме едіңіз? Кейбіреулер Федерация президенті деген лауазым, оны атқарғандар еңбекақы алады деп ойлайды. Басын ашып айтайын, бұл–қоғамдық жұмыс. Жалпы, ұлттық спортты дамытуға атсалысып жүргеніміз үшін ешқашан ақы сұрамаймыз.

– Әңгімеңізге рақмет!

О. АДАЙ.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

АСАУДЫ 19 СЕКУНДТА ТАҚЫМДАДЫ

Қаратөбе ауданында «Асауды құрықтаған ауылымның жігіттері» атты аудан біріншілігі өтті. Сайыста әр ауылдық округтен сайланып келген шабандоздар шу асауды құрықтап, бас білдіріп жарысты.

Ұлттық спорттың бір түрі дерлік осынау сайысты Қаратөбе спорт клубының жетекшісі Бауыржан Шүрмен ауданда тұңғыш рет ұйымдастырып отыр. Жарысқа бас-аяғы 7 команда қатысты. Сайыс шарты бойынша әр команда үш адамнан құралып, белгі берілісімен іске кіріседі. Олар үйірлі жылқының ішінен көрсетілген асауға құрық тастап, жайдақ мініп, 3 минут бойы түспеуге тиіс.

«Әдетте асауды күртік қарда немесе көктемгі тоң түскен лайсаңда үйретеді. Бұл жолы бәрі көз алдымызда болсын деп, кең аулада өткіздік. Тебінде жүрген шу асау қысырақтың үйірін арнайы айдатып алдырдық», – дейді аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұртас Сафуллин.

Ақтайсай ауылдық округіне қарасты Әйіш қыстағында өткен сайыстың нәтижесінде Саралжын ауылынан келген жігіттер командасы бірінші орынды жеңіп алды. Жанас Баймұқан, Мейірбек Амантай, Ерасыл Қарабек есімді жігіттерден құралған топ 19 секундтың ішінде асауды құрықтап, тақымға басып үлгерді. Жанас Манасұлы – көкпар шауып жүрген жас шабандоз, сайыс туралы хабарды естіп қалып, Оралдан арнайы жетіпті. Ол үш минуттың ішінде асаудың «қытығына» тиіп, тулатып-мөңкітсе де тақымын жазбады. Жеңімпаздар 50 мың теңгелік сертификатқа ие болды.

Екінші орын 24 секундта асауды тақымдаған Қаратөбе ауданы орталығы командасына бұйырды. Олардан 3 секунд қана кешіккен Қалдығайты ауылының шабандоздары 3-орынға тұрақтады. Бұл командалар 40, 30 мың теңгенің жүлдесін қанжығаға байлады.

Айта кетейік, Қаратөбе спорт клубының жетекшісі Бауыржан Серікұлы өңірде ат спортының дамуына ерекше еңбек сіңіріп келеді. Қазір ауданда көкпаршылар командасы қалыптасып, додаға түсер дүлей аттарды сонау Қырғыз елінен алдыра бастапты. Кейінгі кезде ауданда түрлі тақырыпқа атты жорық, ұлттық сайыс жиі ұйымдастырылып жүр.

Қ. ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ.
Батыс Қазақстан облысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл облысы - ТМРК. Тараз қ. «QazaqGaz Aimaq» АҚ ЖӨФ-ның хабарламасы бойынша жария тыңдау өтеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 28 ақпан күні сағат 11:00-де** Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі №78, 7 қабат, 720 кабинетте «QazaqGaz Aimaq» АҚ ЖӨФ-ның хабарламасын қарау бойынша жария тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КРЕМ - Жамбылская область. В г. Тараз пройдет публичное слушание по уведомлению ЖПФ АО «QazaqGaz Aimaq».

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Жамбылской области объявляет о проведении публичных слушаний по рассмотрению уведомления ЖПФ АО «QazaqGaz Aimaq», который состоится **28 февраля 2025 года в 11:00 часов** по адресу: Жамбылская область, город Тараз, ул. Желтоксан №78, 7 этаж, 720 кабинет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті **2025 жылғы 26 ақпан сағат: 11-00-де** «Нур-Арыстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекен-жайда өткізіледі: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 148, 2 қабат.

Анықтама үшін телефондары: Департамент – 8 (7252) 32-15-07.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 165